

**ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНА
ШОЛУ**

Дияра Нұрлан қызы Илесова

Шыршық мемлекеттік педагогика университеті

Гуманитар пәндер факультеті

Қазақ тілі және әдебиеті бағытының студенті

Ғылыми жетекші: Гүлжан Азизбековна Анарбекова

Аннотация: Сөз тіркесінің жалпы мәселелермен бірге оның жеке тілге, яғни қазіргі қазақ тіліне тікелей қатысты мәселелерін жан-жақты зерттеу қажет. Бұл – оның байланысу формасы мен байланысу тәсілі, түрлері, кейбір сөз таптарының тіркесу қабілеті т.б. мәселелерді жеке-жеке қарауды талап етеді. Біз төменде сол мәселелердің әрқайсысына арнайы тоқталамыз.

Кілтті сөздер: байланысу формасынан, байланысу амалдары, ерсілік-қарсылы, азды-көпті, морфология.

Abstract: Along with the general problems of the phrase, it is necessary to comprehensively study the problems directly related to the individual language, that is, the modern Kazakh language. This is his form of communication and way of communication, types, combination ability of some word classes, etc. requires individual consideration of issues. We address each of those issues specifically below.

Key words: form of communication, methods of communication, adversarial, more or less, morphology.

Тілдің басқа салалары сияқты, оның синтаксистік құрылысы да даму барысында өзгеріске түсіп отырады. Синтаксистік құрылыстағы өзгерістер қоғам өміріндегі сондай құбылыстармен тығыз байланысты болып келетіні тіл білімінде әр кез айтылып жүрген жайт. Ал, синтаксистік құрылымының үлкен бір саласы – сөз тіркестері құрамындағы болуға мүмкін өзгерістер жайлы Н.Ю.Шведова: «Изменения в системе словосочетаний происходят значительно быстрее, чем в системе предложения» деп атап айттады... Осы пікірді қазақ тілі материалы бойынша Т.Қордабаев, С.Исаев, т.б. көптеген авторлар қолдайды.

Сөз тіркестері құрамындағы өзгерістер олардың құрылымдық ерекшеліктерінен, яғни, байланысу формасынан, байланысу амалдары мен құрылымдық түрлерінен көрінеді. Сөз тіркесінің байланысу формалары мен тәсілдеріндегі өзгерістер, шындап келгенде, морфологиялық, яғни әрбір сөз тобы құрамында кейін пайда болған құбылыстармен тығыз байланысты. Екінші сөзбен айтқанда, сөз тіркесіндегі өзгерістер, түптеп келгенде, әрбір сөз табының тарихи дамуымен тығыз байланысып жатады.

Синтаксистегі өзгешіліктердің морфологиялық өзгерістерімен тығыз байланыстылығы туралы айта келіп Б.Серебренников пен Н.Гаджиева «туыс тілдерде тарихи морфологиялық тарихи синтаксис болмайды» деп, біріншіден, басқа тілдермен салыстыру дәрежесін, екіншіден, бір фактіні бір тілдің бұрынғы күйі мен қазіргі күйі тұрғысынан салыстыруды ұсынады.

Қазақ тілі ыңғайында мына тәрізді тарихи өзгерістерді айтуға болар еді. Кейбір қосымшалар бір байланысу формасындағы сөз екінші байланысу формасына ауыстырып жібереді. Мысалы, -шы қосымшасы Жүреді қашанғы өлмей адам («Топ жарған») деген мысалдағы қашан сөзі барыс жалғауында өлмей сөзімен өзара меңгеріле байланысқан сөз тіркесін құраған. Дегенмен, оған -ша қосымшасының жалғауы енді оны қабыса байланысқан сөз тіркесіне айналдырған.

-Ғы,-гі жұрнағының кейде арнайы байланысу формасындағы сөздерді өзгертетіндігі туралы А.М.Шербак дұрыс айтады.

а) Жатыс - жолдағы, ертеңгі т.б.

б) әр түрлі формадан кейін

Сол сияқты автор -сыз,-сіз жұрнақтары бір сөз тобындағы сөзді екінші сөз табына, яғни су зат есімі сусыз болып енді сын есімді қабыса байланысқан сөз тіркестерін жасайтындығын көреміз. Кейбір шылаулы тіркес туралы проф. К.Мусаев Қазан революциясына дейін үшін шылаулы ілік жалғаулы есімдікті керек ететіндігі міндетті болғандығын айта келіп, қазіргі кезде мен үшін яғни ілік жалғауынсыз да айтылуын сөз етеді. Мұның өзі кейде шылаулы тіркестер қазіргі кезде көбіне атау мен іліктен басқа септіктерге тән делінетін қағидаға аз уақыттың ішінде өзіндік өзгерістің болғандығын дәлелдейді.

А.М.Шербак орта ғасырлық Түркі тілдерінде ілік септіктің табыс септігімен алмасып жұмсалатын көрсетеді. Мұның өзі біздің еліміздегі матасу ретінде жұмсалатын ондай тіркестерді ол тілдерде меңгеру арқылы берілетіндігін де айқындайды.

Профессор М.Томанов ерсілі-қарсылы, азды-көпті т.б. —ды қосымшасы ескі дәуірде септік жалғауы ретінде қолданылған дейді. Бұрын меңгеріле байланысқан сөздердегі қосымша жалғаулық қызметінен ажырып, қазіргі кезде өлі формаға айналуынан, енді олар, тек қабыса байланысу ертіңде қалыптасқандығын көруге болады. Осы іспеттес өзгерісті септік жалғауы ретінде жұмсаған -тағ, -тег, -тек қосымшасының —дай, -дей түбіріне айысу арқылы қалыптасқан сөз тіркестерін де көруге болады.

«Аффикс —сіз, -сіз не присоединяется к прилагательным и числительным.

Изредка рассматриваемый аффикс приобретает дополнительный элемент -ін, -ін являющийся омертвевшим аффиксом орудиноного падежа. А: сенсің, без тебя; ТН: күлсізін, без рабов. А.Шербак қабыса байланысатын -сіз, -сіз жұрнақты

сөздердің септік жалғауын қабылдап, бір уақыттарды меңгеріле байланыста болғандығын мезгейді, бірақ қазіргі тілімізде ондай құбылыс (жіктеу есімдіктері -сіз жұрнағын қабылдап, содан соң септелуі кездеспейді. Бұдан бірде қабыса, бірде меңгеріле байланысатын формалардың тарылу процесін көруге болар еді.

Көптеген зерттеушілер үстеулерді жасалуына қарай есімді және етістікті деп екіге бөліп қарайды да, сонын ішінде үстеулердің сөйлем құрамында жұмсалыу барысында септік жалғауларының көнеленуі қалыптасқандығын көрсетеді:

барыс септікті - бірге

жатыс септікті - қайда, анда

шығыс септікті - қайдан

құралдық септікті - кундузун. Бұл фактіден морфологиялық және фонетикалық өзгерістер нәтижесінде бұрын меңгеріле байланысқан сөздерден енді басқа байланысу формасына ауысу процесін көруге болар еді.

Т.Қордабаев жарыссөз, мейраммен құттықтау, жалынды сәлем т.б. жаңа сөз тіркестері туралы айта келіп, жарыс және сөз екеуі де бұрыннан бар екендігін, сондықтанда сөз жарыстыру, сөз таластыр тәрізді сөз құрағанмен, жарыс сөз түрінде айтылмағандығын көрсетеді. Ал қазіргі тілімізде жарыс және сөз өзара қатынасы жағынан да, мағыналық жағынан да басқа-басқа зат есімдер болса да, енді анықтауыш қатынастағы есімді сөз тіркестерінің қалыпты формасына түскен. Якут тілінде септігінің жалпы болмауы, түптеп келгенде, матасу, байланысу формасының жоқтығы, өзбек, татар тілдерде көмектес септектің мәні оны белән шылауы арқылы берілуі (трамвай белән килдим) синтетикалық тәсілдің орнына аналитикалық тәсілдің орнығып қалғандылығын көрсетеді.

Бұл айтылғандардан мынаны аңғаруға болады.

1. а) Септік жалғауындағы өзгерістер түптеп келгенде, меңгеру, матасу тәрізді байланыс формаларындағы өзгерістерге алып келеді.

б) Сөз тіркесі құрамындағы өзгерістер бір байланыс формасының тәсілдері ішінде болады.

в) Сөз тіркестері құрамындағы өзгерістер кейде жұрнақтарменбайланысты болып келеді. Солап арқылы бір байланыс формасы екінші тілге ауысып отырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы – қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері. -Алматы: Ана тілі, 1992. 154-300бет.
2. Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. -Алматы: Ғалым: 1999. 152- 390 бет.
3. Аханов К. Тіл білімінің негіздері.